


Мұнай өнімдері



1-сурет – АМӨЗ жағалау маңы топырақ үлгілеріндегі мұнай мен мұнай өнімдерінің мөлшері

1-кесте – АМӨЗ ағынды су жағалауларындағы топырақ құрамына талдау

Үлгіні алу орны	Топырақтағы мұнай мен мұнай өнімдерінің мөлшері, мг/кг	Топырақтағы күкіртті қосылыстардың мөлшері, мг/кг
Бақылау	1,5	2,2
1 пункт, 5 метр	48	9,1
2 пункт, 10 метр	29,5	7,9
3 пункт, 15 метр	7	6,2

Атырау мұнай өңдеу зауытындағы сарқынды сулардың жағалаудағы топырақтарында жүргізілген зерттеулер күкіртті қосылыстардың мөлшері 5 метр (5,5 мг/кг) қашықтықта көп болып шықты. Зерттеу пунктінде алынған нәтиже әртүрлі қашықтықта тараған топырақ құрамындағы күкіртті қосылыстардың мөлшері 2-суретте қарастырылған.

Осылайша, алынған нәтижелер бойынша мұнай өндіру және АМӨЗ-дің қоршаған ортаға тасталған зиянды қалдықтары мен төгінділерінің жылдар бойы жиналуы мұнай мен мұнай өнімдерінің, оның ішінде топырақтағы күкіртті қосылыстар деңгейінің айтарлықтай артуына алып келіп, биосфераны орны толмастай өзгерістерге ұшыратты [11, 20].

Бұл әсерді үлгі ретінде алынған судың лайлығынан-ақ байқауға болады. Ағынды суда мұнай мен мұнай өнімдерінің мөлшері неғұрлым көп, факельде жағылатын қышқылды газдың түтін өнімдері неғұрлым концентрлі болса, күкіртті қосылыстардың мөлшері де соғұрлым

көп болып, тотығып суды лайландыруға ұшырататыны білгілі.

Атмосферадағы өзара айналым үрдісінің ықпалынан күкіртті қосылыстар күкірт диоксидіне айналады. Бұл қосылыс атмосферада газға қарағанда бірнеше есе көп сақталатын күкірт қышқылы мен аммонийдің күкірт қышқылды аэрозольдерінің жиналуына ықпал жасайды. Осы аэрозольдердің шаңды ластағыштармен қосылып, атмосфераның ластану қаупін айтарлықтай күшейтеді. Күкірт диоксиді сульфатқа дейін тотығады да, тұман және бұлттан жаңбырмен бірге түсіп, тірі организмдерді улауы мүмкін. Осылайша ең үлкен зиян құрамында күкіртті бар мұнай газын факельде жаққанда келеді. Сондықтан да күкіртті құрамды газдарды жою және тазартудың жетілдірілген тәсілін ендіру, күкіртті тазартудың прогрессивті технологиялық процесі мен аппаратурасы қондырғысын жасау – қоршаған ортаның ластануын болдырмауда ықпалды шаралардың бірі болып табылады.